

7. Raushanov E. <https://ult.kz/post/esengali-raushanov-zheltoksan>
8. Zhanat Askerbekkyzy. Artistic and aesthetic function of ancient Turkic knowledge in modern Kazakh poems. The story of E. Raushanov's poem "Gaisha Bibi". <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/4767>
9. Dosanova N. E. Raushanov, poem "Gaisha Bibi". "I don't know," he said. S. S. philology. №2/ 2 (1 6 0). - Almaty. "Kazakh university" 2016.
10. Dauren Power. The summer passed without hindrance. <https://abai.kz/post/58658>

УДК 82-1

DOI 10.33514/ВК-1694-7711-2021-2(2)-20-28

Кожабоева Д.А., Жапбарова Г.А., Орынбетова Э.А., Айдарова А.А., Омаров Т. К.

Педагогика илимдеринин магистри, КР УИАнын диссертанты, Казакстан, Шымкент,
Педагогикалык илимдердин кандидаты, М.Ауэзов атындагы Түштүк Казакстан мамлекеттик
университети, доцент, Казакстан, Шымкент,
Филология илимдеринин кандидаты, Түштүк-Казакстан мамлекеттик педагогикалык
университети, ага окутуучу, Казакстан, Шымкент,
Филология илимдеринин магистри, Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык
университети, магистр-окутуучу, Казакстан, Шымкент,
Филология илимдеринин кандидаты, Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык
университети, ага окутуучу, Казакстан, Шымкент

Кожабоева Д.А., Жапбарова Г.А., Орынбетова Э.А., Айдарова А.А., Омаров Т.К.

Педагогика ғылымдарының магистри, Кыргыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
диссертанты. Казакстан, Шымкент,
Педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындагы ОҚМУ доценті. Казакстан,
Шымкент,
Филология ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ аға оқытушысы. Казакстан, Шымкент,
Филология ғылымдарының магистри, ОҚМПУ магистр оқытушысы, Казакстан, Шымкент,
Филология ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ аға оқытушысы, Казакстан, Шымкент

Кожабоева Д.А., Жапбарова Г.А., Орынбетова Э.А., Айдарова А.А., Омаров Т. К.

Магистр педагогических наук, диссертант НАН КР, Казакстан, Шымкент,
Кандидат педагогических наук, доцент, ЮКГУ им. М. Ауэзова, Казакстан, Шымкент,
Кандидат филологических наук., старший преподаватель, Южно-Казакстанский
государственный педагогический университет, Казакстан, Шымкент,
Магистр филологических наук, магистр-преподаватель, Южно-Казакстанский
государственный педагогический университет, Казакстан, Шымкент,
Кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казакстанский
государственный педагогический университет, Казакстан, Шымкент,

Kozhabaeva D.A., Zhapbarova G. A., Orynbetova E.A., Aidarova A. A., Omarov T.K.

Master of Pedagogical Sciences, dissertation student of the National Academy of Sciences of
Kyrgyz Republic. Kazakhstan, Shymkent,
Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of SKSU named after. M. Auezov.
Kazakhstan, Shymkent

Candidate of Philology Sciences, senior lecturer of SKSPU. Kazakhstan, Shymkent,
Master of Philology, master teacher of South Kazakhstan State Pedagogical University, Kazakhstan,
Shymkent,
Candidate of Philology Sciences, senior lecturer of SKSPU. Kazakhstan, Shymkent.

КАРАӨЗЕК ДООРУНУН КӨРКӨМ ХРОНИКАСЫ

(Жазуучу Нуржан Куантайулынын «Караөзек» романы тууралуу)

ҚАРАӨЗЕК ШАҚТЫҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

(Жазушы Нуржан Куантайулының «Караөзек» романы туралы)

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ЛЕТОПИСЬ ПЕРИОДА КАРАОЗЕК

(О романе "Караозек" писателя Нуржана Куантайулы)

ART CHRONICLE OF THE KARAOZEK PERIOD

(About the novel "Karaozek" by the writer Nurzhan Kuantaiuly)

Макалада Н.Куантайулунын “Караөзек” романы Декабрь көтөрүлүшүнүн чындыгына, тарыхый маанисине, саясий өбөлгөсүнө негизделген чоң-кичине чыгармалардын ичинен өзгөчө орунду ээлей тургандыгы айтылат. Башкы каарман Хакназардын эрдигин, азаптуу тагдырын сүрөттөөдөгү автордун чеберчилиги, каармандын образын ачууда диалогду эффективдүү пайдалануу талданат. Декабрчылардын жамааттык образы катары Хакназар Шыгаев ийгиликтүү тартылып, ошол кездеги коомдук турмуштун образы реалдуу сүрөттөлгөн дешет. Декабрь көтөрүлүшү темасына арналган “Караөзөк” чыгармаларынын жогорку деңгээли сынчылардын пикирлери менен тастыкталат.

Аннотация: Макалада Желтоқсан көтерілісінің шындығын арқау етіп, оның тарихи мәні мен саяси астарын жазған үлкенді-кішілі шығармалардың ішінде жазушы Н.Куантайулының «Караөзек» романының орны ерекше екендігі айтылады. Бас кейіпкер Хакназардың ерлігі мен азапты тағдырын суреттеудегі автордың шеберлігі, кейіпкер бейнесін ашудағы диалог тәсілінің тиімді қолдануы талданады. Хакназар Шыгаевты желтоқсашылардың жиынтық образы ретінде сәтті сомдалғаны және сол кезеңдегі қоғамдық өмірдің бейнесі шынайылықпен суреттелгені сөз болады. «Караөзектің» Желтоқсан көтерілісі тақырыбында жазылған шығармалардың жоғары деңгейде ішіндегі екендігі сыншы-ғалымдардың пікірлері негізінде дәлелденеді.

Аннотация: В статье рассматривается, особое место романа «Караозек» Н. Куантайулы среди больших и малых произведений, основанный на реалиях Декабрьского восстания, его историческом значении и политической подоплеке. Анализируется мастерство автора в описании героизма и мучительной судьбы главного героя Хакназара и эффективное использование диалога в раскрытии образа главного героя. Рассматривается образ Хакназара Шыгаева, который был удачно обрисован как собирательный образ декабристов, а также реалистичное описание общественной жизни того времени. Отзывами критиков подтверждается высокий уровень романа «Караозек» среди произведений на тему Декабрьского восстания.

Annotation: The article discusses the special place of the novel "Karaozek" by N. Kuantayuly among large and small works, based on the realities of the December uprising, its historical significance and political background. The skill of the author in describing the heroism and painful fate of the protagonist Haknazar and the effective use of dialogue in revealing the image of the protagonist are analyzed. The image of Khaknazar Shygaev, which was successfully described as a collective image of the Decembrists, as well as a realistic description of the social life of that time, is considered. Reviews of critics confirm the high level of the novel "Karaozek" among the works on the theme of the December Uprising.

Негизги сөздөр: Нуржан Куантайович, Караөзөк романы, декабрь көтөрүлүшү, диалог, образ.

Кілт сөздөр: Нуржан Куантайұлы, Қараөзөк романы, Желтоқсан көтерілісі, диалог, образ.

Ключевые слова: Нуржан Куантайұлы, роман Караөзөк, Декабрьское восстание, диалог, образ.

Key words: Nurzhan Kuantaiuly, Karaozek novel, December Uprising, dialogue, image.

Тәуелсіздік алған 1991 жылдардан соң көптеген тарихи ақтандақтарды, қазақ қасіретіне айналған қаралы күндердің елесін қайта жаңғыртып, елеп-екшеуге, оның тарихи мәні мен саяси астарын көркем шындыққа айналдыруға деген ұмытылыс ерекше қарқын алды. Сондай тарихи ақтандақтардың бірі «Желтоқсан көтерілісі» көптеген ақын-жазушылардың шығармашылығына арқау болды. Қазақ тарихында ерекше орын алған бұл оқиғаны көп уақытқа дейін айтуға да, жазуға да тыйым салынғаны белгілі. Дегенмен сол жазылған көркем дүниелердің саны мен сапасы, ондағы «Желтоқсан көтерілісінің» көркем шындығы мен тарихи мәні, тіпті жанрлық тұрғыдан да әр түрлі деңгейде. Сондай-ақ, көпшілігінде біздің байқағанымыздай оқиғаның өзінен гөрі, оның салдары, яғни жастарды осы қадамға итермелеген мәжбүрліктің себебінен гөрі салдары басымырақ суреттелді. Және бір айта кетер жайт, жастарды алаңға еріксіз алып шыққан бұл толқуды біз сол кезде де, тіпті, дәл бүгін де өз дәрежесінде толық түсіндік деп айта аламаймыз. Егер түсінген болсақ, бүгінге дейін оның саяси мәнін, тарихи шындығын анықтап өз бағасын берген болар едік. ...

Өкінішті!

Желтоқсан көтерілісінің шындығын арқау етіп, оның тарихи мәні мен саяси астарына барлау жасаған үлкенді-кішілі шығармалардың ішінде жазушы Н.Куантайұлының «Қараөзөк» романының орны ерекше екендігін айтқымыз келеді. Алғаш рет 2001 жылы мың данамен жарық көрген роман 2013 жылы 500 данамен, ал 2015 жылы мемлекеттік тапсырыспен екі мың дана болып қайта басылады. Оқырман қауымның сұранысымен қайта-қайта басылуы (әрине, кітаптың басылып шыққан тираж санының мардымсыздығы демесеңіз) бұл романның көпшіліктің көңілінен шыққандығын тағы бір дәлелдесе керек.

«Қараөзөк» романы Желтоқсан тақырыбына арналып жазылған сол шығармалардан жеткен жетістіктерімен, өзіндік ерекшеліктерімен құнды. Романды жазуға автор үлкен дайындықпен келген. Ол дайындық Желтоқсан оқиғасына қатысты тарихи деректер мен сол оқиғаға қатынасқан куәгерлердің көпшілігімен кездескендігінде ғана емес. Сондай-ақ, ол дайындық романның ХХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында Қазақстанда орын алған саяси оқиғалардың бәрін қамтуға тырысқандығында да емес. Біздің айтқымыз келгені жазушының киелі өнерге өзін әр түрлі жанрда сынып көріп, рухани һәм саяси тұрғыдан толысып барып

келгендігі. Алғаш әдебиет сүйер оқырманға Н.Қуантайұлы ақын ретінде танылды. Жай ақын емес, сөз қадірін, тіл кестесін, тілдің қадыр-қасиетін сезінетін, сөзден сурет сала білетін сыршыл лирик ретінде танылды. Оған журналист ретіндегі ойлы мақалалары мен сұхбаттарын қосыңыз. Сосын проза саласындағы біз сөз еткелі отырған романы мен әңгімелері, аудармалары біздің сөзіміздің дәлелі. Алайда проза мен поэзияны қатар алып жүру, және сол екі салада да бірдей толымды дүние жасау екінің біріне бұйыратын бақыт емес. Бұған тынымсыз еңбек пен өмірдің сан алуан ситуацияларын сезіне білетін жіті бақылағыштық, сол байқаған, сезінген дүниелерін сарабал сананың сүзгісінен өткізер зеректік және оны қамырдан қыл суырғандай жігін білдірмей бір сюжеттік арнада жымдастыра білетін шеберлік, айызыңды қандыра тамылжыған тіл кестесі, ең ақыры суреткерлік керек десек, жазушы Н.Қуантайұлының бұл талаптың үдесінен шыға білгені анық. Әрине, қазақ көркем сөзінің тарихында ақындығымен қатар проза жанрында қалам-қарымын сынап, тіп-тәуір дүниелер берген бұндай мысалдарды кездестіруге болады. Мәселен, өзінің талантын ақын ретінде танытқан Ж.Нәжімеденовтың «Даңқ пен дақпырт», «Ақшағыл» атты романдарын, өзінің сырлы да сұлу лирикасымен қазақ поэзиясында өз орнын еншілеген Ғ.Құлахметтің қазіргі қазақ прозасының қоржынына өзгеше қырынан олжа салған «Үйірі жоқ көкжал» романын жұрттың ерекше қабылдағанын жақсы білеміз. Тіпті, қазақ поэзиясын философиялық һәм ойлы лирикасымен тәнті еткен талантты сөз зергері Қадыр Мырза-Әлінің өзгеше стильде жазылған «Иірім», «Жазымыш» атты эсселерін де оқырманның жылы қабылдағаны белгілі. Алайда әдебиеттің екі саласын бірдей, Ұлы Абайша айтқанда екі кемеңнің құйрығын бұйрығы жетіп ұстаған таланттар онша көп болмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде «Қараөзек» романы біз ақын ретінде білетін Нұржан Қуантайұлын тағы бір ерекше қырынан танытты. Ендеше біз жазушының сол ерекше қырлары мен романдағы жеткен жетістіктерінің бастыларын атап көрсетпекпіз.

Зерттеу нысанамыз «Қараөзек» романы туралы болған соң, бұл жерде басын ашып алатын бір мәселе бар. Ол – Желтоқсан көтерілісіне қатынасқан жастардың бәрі бірдей сол кездегі Брежнев алаңына Қазақстанда болып жатқан оқиғалардың саяси мәнін түсініп, мақсатты түрде барған жоқ. Алаңға жастар әрқилы пікір, әртүрлі сезімнің жетегімен әрқалай жолмен барды. Көпшілігі ешқандай мақсатсыз, тек жастыққа ғана тән қызығушылықпен, кездейсоқ барды. Міне, жазушының ұтқан жері де осы болса керек. Өйткені Кеңестер Одағы өзінің мызғымас күшін, өзіне кіріптар болған елдермен санасуды қажет деп те таппайтын өктемдігін таныту үшін бейбіт шеруге шыққан жастарды қарулы күшпен қан-жоса етті. Ең сорақысы сол істеген жауыздықтарын бүркемелеу үшін, қылмыстарын ақтау үшін қолға түскен өрімдей жастарды маскүнемдер мен бұзақылар етіп көрсету үшін жалған жаламен жазықсыз қаншама жастың тағдырын талқан етті. Жазушы осы бір көркемдік деталь арқылы әлі оң мен солын танып үлгермеген, жасы не бәрі он сегіздегі ана сүті әлі аузынан кетпеген жас Хақназарды саяси қылмыскерге айналдырып жіберген Кеңес билігі деп аталатын тоталитарлық жүйенің сұрқия саясаты мен шынайы бет-пердесін сыпырады.

Оқиға орын алған 1986 жылдың 16-нан келесі 17 желтоқсанға қараған күні Брежнев алаңындағы жиналғандардың не талап етіп жатқанын, бейбіт шерудің неге ұзаққа созылып кеткенін білгісі келген жастардың ұстаздарының қадағалауына қарамастан жатақханадан қашып шығып, алаңға ұмтылғаны, көпшілігінің алаңға жетпей қолға түсіп, қуғынға түсуі сол күндердегі тарихи шындықтың бір көрінісі еді.

Н.Куантайұлының бас кейіпкері де басында алаңға жай қызығушылықпен барса да қыз намысын қорғау үшін арпалысқа араласып кеткенін өзі де байқамай қалады. Ол оқиғаны автор былайша береді: «Сапты жарып шыққан жаңағы топтың арасынан қазақтың бір жас қызы ылдиға, бұл кезде гострономды жағалап келе жатқан Хақназардың тобына қарай жан ұшыра жүгірген. Үлгертпеді. Тасырлата жүгіріп, қуып жеткен бір әскер теуіп қалып, қызды жалп еткізеді. Аяғы көктен келіп, оңбай құлаған бейшара қыздың басы дүңк етіп бордюрге тиіп, қызыл қан бұрқ ете қалды. Оған қараған әскер жоқ, уыстап тұрып шашынан ұстап алып, лақ тартқандай өрге қарай сүйрелей жүгірген.

... Бұл кезде Хақназар да қарап тұра беруге шыдамаған еді. Қызды сүйреп бара жатқан прапорщикті қуып жеткен. Қоя бер деп ананы қолынан ұстаған еді, өңкиген жуан неме қолын қағып жіберіп «пошел ты на.., овца!» деп боқтап жібергені. Қаны басына шапқан Хақназар лып етіп оңға шығып көз ілеспес жылдамдықпен прапорщикті иек тұстан салып қалды. Анау буыны ұстамай сылқ етіп құлаған. Келесі сәтте Хақназар жерде жатқан қызды қолтығынан ұстап тұрғызып алды. Еліктің лағындай ғана күшкентай қыз. «Жүре аласың ба» деп сұрап еді, қыз болар-болмас бас изеген. «Ал енді қашайық» деп жүгіргенше болған жоқ көзі жарқ ете қалып етпетінен түскенін біледі [1, 14-15 бб].

Оқиға әрі қарай өтірік тергеуге жалғасып кетеді. Оған куәлік етуге жалған куәгерлер де табыла кетеді. Соның бірі жасақшы Звягинцев: « – 1986 жылы 17,18 желтоқсан күндері Отаныма борышымды өтеп, Алматыдағы Брежнев алаңында өз қызметімді атқарып жүргем. Өздеріңіз білесіздер, сол күні экстремистік, террористік топтар белгілі бір мақсатқа жету үшін сол жерде қоғамдық тәртіпсіздікке жол берді ғой... Мен адал қызметімді көрсеттім ол кезде» [1, 41 б], – деп, беті бүлк етпей жалған сөйлеп, жазықсыз жанға жала жауып, оның жас өміріне балта шабады.

Сөйтіп Хақназар Шығарма Шығармаев қолдан ұйымдастырылған жалған жаланың құрбанына айналып, алты жылға сотталып кете барады. Шығарма кейіпкерлерінің прототипі деп нақты ешкімді айта алмасақ та, осындай жаламен сотталғандардың шын мәнінде өмірде қаншамасын білеміз. Тіпті оның прототипі ретінде дәл осындай жабылған жалған жала, жасанды куәгерлердің көрсетуімен айыпталып, алғашында ату жазасына кесіліп, кейін бұл жаза қатаң режимдегі жиырма жыл бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылған Қайрат Рысқұлбековты атасақ та болғандай. Мұны жазушының өзі Егемен Қазақстан газетінің 2020 жылғы 11 желтоқсан күні берген «Жазушы – өмір драмасының кейіпкері» тақырыбындағы бір сұхбатында былайша еске алады: «Романдағы кейіпкердің бәрі – жиынтық образ, бірақ олардың көп сипаты өмірдегі адамдардан алынған. Әдебиетке өзінің қайталанбас өмірімен, іс-әрекетімен есте қалатын кейіпкер сомдау оңай дүние емес. Кейіпкердің бұрынғы дүниелердегі әлдебір тұлғаға ұқсай беруі, схематизмі – бүгінгі көркем әдебиет проблемасының бірі болып отыр. Суреткер елеулі, есте қалар кейіпкер сомдап жасамаса, шығарманың үлкен немесе кіші формасын жазудан келіп-кетер ештеңе жоқ.

Алматыдағы Желтоқсан дүрбелеңіне қатысып, лагерьлерде отырып келген жігіттердің бірсыпырасымен әңгімелестік, сырластық. Алаңдағы оқиға жөнінде, әсіресе түрме, лагерь өмірі туралы көп материал жинадым. Әйткенмен басты міндет тарихи зерттеу емес, көркем шығарма жазу болған соң сол күндердің рухын көрсете білу керек, ал ол үдеден шыға алдық па, оны оқыған жұрт айтады ғой» [2].

Романның оқиғалық желісі «Тар жерде», «Қияда», «Қаза» деген негізгі үш тарауға топтастырылған. Эпиграф ретінде алынған «Қапас түн жарық күнмен, қоңырсалқын көлеңке

шыжыған ыстықпен теңесе алмас» деген қасиетті Құран Кәрімнің Фатыр сүресіндегі 20-21 аяттар «Тар жерде» деген алғашқы тарауда Хақан өмірінің қандай қапаста екендігінен хабар береді.

Алғашқы тарау Құрмаштың хатымен басталып, оқиға желісі Хақанның бұл тар қапаста қалай түскенін баяндайтын лирикалық шегіністермен өрбиді. Құрмаш сол хатында өзінің түс көргенін және оны жақсыға жорығанын айт келіп: «Босанып шығады екенсің. Декабристер ақталады деп жатыр ғой. Сен де ораласың, Хақан.

Былтыр бізден шыққан әлгі депутат Мәскеуде, съезде сөйлепті ғой, сендерді ақтау керек деп. Так что қуаныш алда» [1, 8 б], деген жолдар М.Шахановтың Мәскеуде КСРО халық депутаттарының бірінші съезінде қазақ жастарын ресми ақтауды талап етіп сөйлеген сөздерін еске салады. Алайда, бұл 1989 жыл болатын. Ал, хат 1992 жылы 28 наурызда жазылып отыр. Жылы жағынан берілген бұл айырмашылықтар романның сапасына әсер етпейді. Өйткені бұл тарихи негізде жазылған деректі роман емес. Жазушының тарихи мәліметтерді көркемдік деталь ретінде пайдалануға толық хақысы бар. Бұл кез келген халықтардың әдебиетінде бола беретін, бұрыннан-ақ бар дәстүр. Мәселен, француздың атақты жазушысы А.Дюманың «Үш ноян» романындағы басты кейіпкерлер шын мәнінде өмірде болған адамдар. Алайда, олардың әрқайсысы әр кезеңде, тіпті әр ғасырда туып өскен, бірін-бірі ешқашан көрмеген. Бірақ жазушыға сен тарихқа қиянат жасадың деп кінә таққан оқырманды кездестіре алмайсың. Бұған тағы бір мысалды алыстан іздемей-ақ ұлы жазушы М.Әуезовтың атақты романы «Абай жолындағы» Қодар мен Қамқаның оқиғасынан көруге болады. Бұл оқиғаның Абай дүниеге келмей тұрып, яғни жиырма жыл бұрын болғанын ескерсек, онда Н.Қуантайұлының шешіміне де қарсы айтар уәжіміз жоқ.

«Таңғы ауаны жаңғырықтыра, абалай үрген иттер жұлқынып, жеп қоярдай болып тұр. Автозак артқы есігін вагонға қарата тоқтаған. Жамбасынды «Макаров» пистолетінің қайыс қабы ілінген, еңгезердей капитан:

– Слезай по одному! Шаг влево, шаг вправо – считается попыткой побега, стреляем без предупреждения! – деп айқай салған.

Осы кезде ғана бұлар өздерінің ауыз да аша алмайтын шын тұтқын екенін сезінген. Солдаттар вагонға артыла алмай кідіріп қалған бұларды резеңке таяғымен ұрып, темір тақалы етігімен теуіп, малша айдап бірақ кіргізді.

Бесін ауғанша күн астында қаңтарылып тұрған тұтқындардың вагоны зорға дегенде пойызға тіркелген» [1, 46 б], – деген үзінді Хақанның аса қауіпті саяси тұтқын ретінде алты жылға сотталып этаппен Маңғышылақ түрмесіне айдалып бара жатқан сәті және оның алдағы өмірі бүгінгіден де жаман болатындығынан хабар беретін шынайы сурет. Әрине, түрменің жақсысы жоқ. Қалай болғанда да ол түрме, курорт немесе санаторий емес. Дегенмен, сол жылдары Қазақстандағы «еңбекпен түзеу» лагерьлерінің ішіндегі ең жаманы, ең ауыры да Маңғышылақтағы түрме болғаны белгілі. Міне, Хақанның түрмедегі алғашқы сынағы осы жерден басталады. Ол сынақ лагерьге келіп түскен тұтқындарды колонияның әкімшілігі жеке-жеке шақырып, СВП-ке (Ішкі тәртіп кеңесі) қызмет етуге үгіттейді екен. Былайша айтқанда тоқылдақ болуға зорлайды. Сөзге, алдауға көнбегенді тепкінің астына алып, жанын жаһанамға жіберуден де тайынбайды екен.

«Кезек Хақназарға жеткен.

Көзі түздай, қалың ерінді офицер маңдай терін сүрткіштеп, ыстықтап отыр екен. Әуелі аты-жөнін сұрап алып, қаланып тұрған папканың ішінен іздеп қылмыстық ісін тапты. Ақтарып отырып, ысқырып жіберген:

– 65-бап: жаппай тәртіпсіздік жасағандар.

– Що за статья?!» - деген содан соң ажырайып.

Хақназар үндемеді.

– Үндемейсің, ә, иттің баласы, жап-жас болып өкіметке қарсы шыққасың ба? Сенен сұрап тұрмын ғой?!

– Жоқ, - деді еріксіз Хақназар.

– Түкке түсінбейтін мақұлық деп отырсың ғой мені? Алматыдағы бүлікті естімеген деп отырсың ғой?! Білем бәрін! Сендердің бізге қарсы шығып, өкіметті құлатпақшы болғандарыңды да жақсы білем.

– Мүмкін сен наркоман шығарсың? - деген артынша. – Кәне, кел бері! Кел деймін саған! Түр жеңінді, білегінді көрейін, инеге отырған қу шығарсың мүмкін?

Мал қарағандай білегін сипалап, тамырына үңіліп тұрып алды. Содан соң бұрыла бере жақтан солқ еткізе ұрып қап, Хақназарды етпетінен түсірген.

– Тұр!

Тұрғызып алып, сөздің басын жіберсін:

– Сені, сүмелек, итке тастап, сүйегінді шашып жіберсем де, ешкім қой дей алмайды. Ешкім заңсыз деп айта алмайды, өйткені сен, – сұқ саусағын кезеген, – сен құлсың. Тем более политический заключенный! Резать вас всех надо!

Сол күні әбден таяқ жеді.

Бұл атышулы «сындыру» процесі, «обработка» еді [1, 48 б].

Әбден сілкілеу мен сындыру процесінен аман өтіп, енді ғана түрменің жаңа өміріне үйрене бастаған Хақназарды енді қазағынан гөрі өзге ұлт өкілдері, әсіресе орысы басым солтүстік өңірдегі Қостанай түрмесіне ауыстырады. «Ондағы мақсат – жас декабристі көзін шел басқан жаналғыштардың арасына апарып жанын жаһаннамнан келтіру. Жаңа жерге барып, оның басбұзарларына (пахандарына) үйренгенше талай қорлық көріп, итше таланып, құр сұлдері қалып, терісі сүйекке ілінген Хақан өмірі – тар қапастың қай жерде де тозақ екендігінің көрінісі. Жазушы тор көздің арғы жағындағы түрме шындығын нанымды бейнелеу мақсатында кеңес түрмесінде отырған қылмыскерлердің өмір тіршілігінен толық мағлұмат беру үшін сол жақта қолданылатын жаргон сөздерді молынан пайдаланған» [3, 237 б].

Асылбек Байтанұлы Әдебиет порталында жарияланған «Қараөзек» – қараөзек шақтың айнасы мақаласында: Нұржан Қуантайұлының «Қараөзек» атты шағын романында толықтай болмаса да, Желтоқсан көтерілісіне қатысты туынды деуімізге болады. «Толықтай болмаса да» деп отыруымыздың мәнісі – «Тар жерде», «Қияда», «Қаза» атты үш тараудан тұратын романның бірінші тарауында ғана Желтоқсан көтерілісі туралы айтылып өтеді. Білім қуып астана Алматыға келген көкөрім жас Хақназар Шығайевтың тағдыр жолы Брежнев алаңындағы қанды қақтығысқа қатысқаннан кейін мүлде басқа арнаға түскенін көреміз. Романның алғашқы тарауы Хақназар тағдыры басқа арнаға түсуінің себебі болса, қалған екі тарау – дәуір шындығымен өрілген салдары. Роман «желтоқсаншы» жастың түрмедегі және жазасын өтеп шыққаннан кейінгі тағдыр соқпағына құрылған. Оқиғасы тартымды да

нанымды, тілі жеңіл романды өткен ғасырдың соңғы он жылдығы өмірінің ойып алып қағазға түсіре салған шынайы көрінісі десек болады» [4], деп баға беріпті.

Романда өткен ғасырдың соңындағы Қазақстанда орын алған саяси оқиғалардың бәрі назардан тыс қалмаған. Романда әсіресе сол кездердегі түрмелердің жағдайы, ондағы тәртіп, жазасын өтеп жатқан адамдардың сөз қолданысы мен сотталу себептері бүге-шігесіне анық суреттелген.

Шынында да сол кездердегі КСРО түрмелерінің жай-жапсары, оның өз ішінде өтіп жататын ірілі-ұсақты оқиғалар, оның ішкі тәртібі мен жазылмаған заңдарын қолмен ұстап, көзбен көргендей етіп суреттеген шығарманы бұған дейін кездестірмегенімізді айтуға тиіспіз. Белгілі жазушы Герольд Бельгер романның жақсы қыры ретінде дәл осы мәселелерге тоқталып, былай баға береді: «Нұржанның «Қараөзек» атты романын қызыға, ерекше ұнаған жерлерін қарындашпен сыза отырып, мұқият оқып шықтым. Екі нәрсеге ерекше назар аудардым: Бірінші: Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды сондай дәлдікпен, нақтылықпен, шынайы деталь-көріністермен бейнеленген кеңестік дәуірдегі түрме өмірінің қыртыс-қалтарыстарын нанымды және жан-жақты ашып суреттеген көркем шығарманы тұңғыш рет оқығаным... Екінші: «Қараөзек» – қазіргі күрделі өміріміздің бет-пердесін жұлып тастап, жан-жақты ашып, айқын суреттеп, ащы шындықтың көріністерін әшкерелеп, тартысты һәм әсерлі бейнелеген роман екеніне көзім жетті. Жас адамның зеректігіне, ойлылығына, байқампаздығына тәнті болдым, сүйсіндім. Базарлы экономиканың келеңсіздіктерін автор жіті байқаған, пайымдаған» [5, 3 б].

Бұны бір жетістік десек. Екінші бір жетістік романдағы көркем детальдың сәтті қолданылғандығы. Сондай көркем тәсілдің бірі – шығармада кейіпкер түсін орынды пайдалану десек, жазушы басты кейіпкерлердің түстерін алдағы уақытта болатын оқиғалардан алдын ала хабар беру мақсатында пайдаланған. Олардың қатарында шығарманың басындағы Құрмаштың түсі мен Хақанның түрмеден босап шығар алдындағы түстерін атауға болады.

Романның тағы бір көңіл аударатын тұсы ондағы образдардың жасалу ерекшеліктері. Мұнда негізінен образдарды ашуда диалогтар сәтті қолданылған. Мұндағы әр кейіпкердің, әсіресе тергеушілер мен түрмедегі жазасын өтеп жатқан әр қылмыскердің характерлерін ашуда үлкен қызмет атқарып тұр. Сондай-ақ, жазушы шығарманың сюжеттік желісін ширату үшін ертеректе болған ертегі-аңыздарды негізгі оқиғамен ұштастыра пайдаланып, оқырманға үлкен ой салу үшін орында пайдалана белген.

Романның алғашқы «Тар жерде» деген тарауы аты айтып тұрғандай жазықсыз жаламен сотталған Хакназардың алты жыл тартқан азабын нақты көркемдік деталдармен көз алдымызға жайып салады. Ал «Қияда» деп аталатын тарауда бостандыққа шыққан Хақанның алғашында екі қолға бір күрек таба алмай сандалғандығы, аяқтан таусылып пәтер іздеуі бәрі-бәрі тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы қиыншылықтарды көз алдымызға әкеледі. «Қаза» деп аталатын үшінші тарауда одан ары Қазақстанның экономикалық тығырыққа тіреліп, базар біткеннің бәрін жаулап алған қытайлар мен ала дорба арқалап, базар жағалаған қазақтардың мүшкіл халі сөз болған. Жұмыс жоқ, тіпті «Консерваторияны бітірген Құрмаштың табиғат берген өнерінің түкке жарамай, жұмыс таппай сенделіп ақыр аяғында барахолкадан тиянақ табуы домбыраның құлағында ойнаған күйшілермен бірге ұлттық өнеріміздің құрдымға кетіп бара жатқандығын байқатар эпизод. Қысы-жазы аяқтан өткен сыз ақыр түбі Құрмаштың екі өкпесін тесіп тынады. Шығарманың эпилогында республикалық

Тубдиспансерде жатқан Құрмаштың тесік өкпесі қазақ біткеннің жанын мазаласа керек. Сол секілді шиеттей бала шағасын асыраудың қамымен алғашында шемішке сатып, кейін Ерланнның бір контейнерін жалға алатын Алдаңғор мен Үрзипа сынды ерлі-зайыптылар өмірі, Шет тілдер институтында оқып жүрген қыздардың құрбыларының көпшілігі бастарына қиыншылық түскенде кришна дініне өтіп кетуі – ащы болса да өмір шындығы» [3, 240 б].

Қорыта келгенде Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің себептерінен бастап, оның салдарына дейін шынайы көрсеткен шығарма. Сондай-ақ, романның аты да «Қараөзек» деп символикалық тұрғыдан сәтті қойылған. Ол қыстың көктемге ұласар мезгіліндегі жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер өліара шағын, қазақ халқы тәуелсіздік алса да эконономикалық тығырыққа тірлген ел өмірінің қараөзек тұсын тұспалдайды. Аталған романды талдау өзегіне айналдырған А.Тойшанұлының пайымдауынша «Хақанның көзімен қазақтың елдік өмірін құрсаған тоң ерісе де, жадырап көктемі шыға алмай тұрған қараөзек шақты суреттейді» [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қуантайұлы Н. Асыл сөз. Роман, әңгімелер, аудармалар, өлеңдер. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2015. -336 б.
2. Қуантайұлы Н. «Жазушы – өмір драмасының кейіпкері». Егемен Қазақстан газеті. 2020 жыл, 11 желтоқсан.
3. Тәуелсіздік дәуір әдебиетіндегі Желтоқсан тақырыбы. Кітапта: ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті 2001-2011. – Алматы: «Арда», 2011. – 640 б.
- 4 Асылбек Байтанұлы. «Қараөзек» – қараөзек шақтың айнасы». [https:// adebiportal.kz/kz/news/view/karaozek__karaozek_shaktin_ainasi__23187](https://adebiportal.kz/kz/news/view/karaozek__karaozek_shaktin_ainasi__23187)
5. Герольд Бельгер. «Заманауи өзгерістердің куәсі». Кітапта: Қуантайұлы Н. Асыл сөз. Роман, әңгімелер, аудармалар, өлеңдер. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2015. -336 б.
6. Ақеділ Тойшанұлы. «Қараөзек сынған айнаның жарқылы». <https://adebiportal.kz/kz/news/view/14112>

References:

1. Kuantayuly N. Noble word. Novels, short stories, translations, poems. - Almaty: "Dictionary-Dictionary", 2015. -336 P.
2. Kuantayuly N. "The Writer is the hero of the drama of life". Egemen Kazakhstan newspaper. December 11, 2020.
- 3.the theme of December in the literature of the Independence era. In the book: Kazakh literature of the XXI century 2001-2011. - Almaty: "Arda", 2011. - 640 P.
- 4 Asylbek Baitanuly. "Karaozek" is the mirror of karaozek time". [https:// adebiportal.kz/kz/news/view/karaozek__karaozek_shaktin_ainasi__23187](https://adebiportal.kz/kz/news/view/karaozek__karaozek_shaktin_ainasi__23187)
5. Herald Belger. "Witness of modern changes". In the book: Kuantayuly N. Noble word. Novels, short stories, translations, poems. - Almaty: "Dictionary-Dictionary", 2015. -336 P.
6. Akedil Toishanovich. "The flash of a broken mirror in karaozek". <https://adebiportal.kz/kz/news/view/14112>